

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
«ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ» КеАҚ
«ЖАЗКЕН ЖИЕМБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨСІМДІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КАРАНТИН
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ» ЖШС



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**«ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ: ЖАҒДАЙЫ МЕН
БОЛАШАҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ЖАС ҒАЛЫМДАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

9 желтоқсан 2022 жыл

Құрметті әріптестер!

Сіздерді, **2022 жылы 9 желтоқсан күні** Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында өтетін ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ғылыми хатшы қызметін атқарған Жанарбекова Алма Бекболатқызын еске алуға арналған **«Өсімдіктерді қорғаудың интеграцияланған жүйесі: жағдайы мен болашағы»** тақырыбындағы **ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА** қатысуға шақырамыз.

Конференцияға қатысу – бұл сіздің ғылыми жұмыстарыңызды жарыққа шығаруға, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің басым бағыттары бойынша пікір алмасу, фитосанитарлық қауіпсіздік саласында инновацияларды дамыту мен ғылымды дәріптеуге өз үлесіңізді қосудың тамаша мүмкіндігі.

Конференцияға қатысуға бакалаврлар, магистранттар, докторанттар, сонымен қатар, ауылшаруашылық өндірістік кешені (АӨК) жүйесіндегі жас ғалымдар және де өсімдік қорғау өнімдерін тіркеуші компаниялар шақырылады.

Мақалалар, постерлер және көрме материалдарының тізімі **2022 жылдың 25 қарашасына дейін** қабылданады.

Конференцияға қатысу және мақаланы ұсыну – **ТЕГІН**.

Конференция формасы – **online** (ZOOM арқылы) және **offline** форматында. Конференцияға сілтеме конференция өтетін күнге дейін жіберіледі.

Конференцияның мақсаты – жас ғалымдардың қазіргі ғылымның өзекті мәселелері бойынша дайындаған ғылыми нәтижелерін жариялау, идеялар мен зерттеу тәжірибелерімен алмасу. Студенттердің, магистранттардың, докторанттар мен ғалымдардың шығармашылық белсенділігін дамыту, оларды өзекті міндеттерді шешуге тарту.

Конференцияның жұмыс тілдері: **қазақ, орыс, ағылшын**.

Конференция секциялары:

- ✓ Зиянды организмдерді бақылаудың экологизациялық тәсілдері.
- ✓ Ауыл шаруашылығы дақылдары мен орманды биологиялық қорғау: жағдайы мен болашағы.
- ✓ Өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы инновациялық технологиялар мен заманауи шешімдер.
- ✓ Пестицидтер және оларды ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянды организмдерден интеграцияланған қорғау жүйесінде қауіпсіз қолдану.

Конференцияға қатысушы өтінім формасын және талаптарға сәйкес рәсімделген мақаланы info@niizkr.kz электрондық поштасына жіберу қажет.

Конференцияның ресми шақыруы, мекен-жайы және бағдарламасы қатысушының тіркеу өтініміне сәйкес жіберілетін болады.

Жол жүру және мекендеу: жол ақысы және мекендеу шығындары конференцияға қатысушылар есебінен жүзеге асырылады.

МАТЕРИАЛДАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Көлемі 7 беттен аспайтын материалдар электрондық нұсқада ұсынылады.
 2. Теру Word редакторында, "Times New Roman" шрифті, кегль – 12, абзацтың бірінші жолындағы шегініс – 1,25 см, жоларалық интервал – 1,0, оң жақта – 1,0 см, қалған өрістер – 2,0 см.
 3. Материалдардың атауы - бас әріптермен, ортасында тураланған. Төменде, бір интервалдан кейін – автордың (авторлардың) тегі мен аты-жөні; олардың астында ұйымның толық атауы, қаласы, елі, электрондық поштасы (екі тілде: мақала жазылған тілде және ағылшын).
 4. Кестелік және иллюстрациялық материалдар мәтінде келтірілген. Кестелерде тақырыптар мен реттік нөмірлер болуы керек. Кестелер мен иллюстрациялардың максималды саны 3-тен аспайды.
 5. Қысқартылған сөздер (түрлердің, препараттардың, химиялық қосылыстардың және т.б. латынша атаулары) бірінші рет айтылған кезде толығымен келтіріледі.
 6. Мәтінішілік ескертпелер төртбұрышты жақшада берілген, әдебиеттер тізімінде дереккөз нөмірі және үтірден кейін бет нөмірі көрсетілген, мысалы: [5, 256 бет];
 7. Мәтін түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды.
 8. Ғылыми редакция және нақты материалдың дұрыстығы үшін жауапкершілік авторға (авторларға) жүктеледі.
 9. Ұйымдастыру комитеті конференция материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды қабылдамауға құқылы.
- Мақаланы рәсімдеу үлгісі **1-қосымшада** келтірілген.

Мақалаларды рәсімдеу үлгісі:

ӘОЖ:

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Әділбеков А. Б.

«Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау
және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: aibek@mail.ru*әрі қарай мақала мәтіні (7 беттен аспайды)**Аннотация - екі тілде (мақала жазылған тілде және ағылшын тілінде).**Түйін сөздер (мақала жазылған тілде және ағылшын тілінде) – 5-7 сөз.**Кіріспе.**Материалдар және зерттеу әдістері.**Нәтижелер.**Қорытынды.**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (10 дереккөзден аспайды).*

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІМІН ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

1	Т. А. Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Ғылыми дәрежесі, атағы	
4	Ұйымның атауы	
5	Ұйымның мекен-жайы	
6	Байланыс телефондары	
7	E-mail	
8	Баяндама және баяндама тақырыбы:	
	- Секция: (көрсету)	
	Баяндамасыз/баяндамамен қатысу (қажеттісін белгілеу)	
9	Жинақтағы мақала атауы:	
	Секция:	
10	Конференцияға қатысу нысаны (қажеттісін атап өту керек)	- Онлайн - Офлайн
11	Қонақ үйді брондау қажеттілігі (атап өту керек)	- Иә - жоқ
12	Келу күні	
13	Кету күні	

СІЗДЕРДІ КОНФЕРЕНЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНАН КӨРУГЕ
ҚУАНЫШТЫМЫЗ!

Байланыс ақпараты

Ұйымдастыру комитетінің байланыс
телефондары:
+7 (727) 2467366, 2467398
e-mail: info@niizkr.kz
www.niizkr.kzИнституттың мекен-жайы:
050070, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Наурызбай ауданы,
Рахат ш/а, Құлтөбе көшесі, 1